



EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY

Еуразиялық технологиялық университеті
Ғылыми кеңес отырысы
№ 7 хаттама

Алматы қ.

28 ақпан 2025 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы
Ғалым хатшы

Темербаева А.М.
Жүнісқалиев Т.Т.

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кәсіптік бағдар беру және имидждік жұмыстардың жүргізілу барысы туралы.
2. Оқу процесін мониторингтеу нәтижелері туралы.
3. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және маркетинг бөлімінің өкілі кәсіптік бағдар беру және имидждік жұмыстардың жүргізілу барысы туралы ақпарат ұсынды. Баяндамада талапкерлерді тарту мақсатында өткізілген кездесулер, мектептермен және колледждермен жүргізілген жұмыстар, ашық есік күндері, білім беру көрмелері мен кәсіптік бағдар беру іс-шараларының нәтижелері қарастырылды.

Сонымен қатар, университеттің оң имиджін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-насихат жұмыстары, әлеуметтік желілердегі белсенділік, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл және брендті дамыту бағытындағы шаралар туралы мәліметтер берілді..

2-сұрақ бойынша

Академиялық мәселелер департаменті оқу процесін мониторингтеу нәтижелері туралы есеп ұсынды. Есепте білім беру бағдарламаларының орындалуы, сабақтарға қатысу көрсеткіштері, оқу-әдістемелік құжаттардың сапасы, білім алушылардың үлгерімі және ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігі талданды.

